



# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Кеңес

### Кәсіпкерлік: саладағы мәселелер қаралды

Аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменовтің төрағалығымен кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелерге арналған кеңейтілген жиын өтті. Негізгі мақсат – мемлекеттік қолдау шараларын кеңінен түсіндіру, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған тетіктерді талқылау, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және саладағы кедергілердің алдын алу.



Былтыр ауданда 2 795 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 2 696-сы нақты жұмыс жасайды. Нәтижесінде 4 219 адам жұмыспен қамтылды. Макроэкономикалық көрсеткіштерге келсек, былтыр жылдық болжам жасалған. Оның өнеркәсіп өніміндегі үлесі 38 млрд, өңдеу өнеркәсібінде 12,5 млрд, бөлшек саудада 4,5 млрд, ал негізгі капиталға тартылған инвестиция болжамы 23,9 млрд теңгеге тең. Жоспарланған макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасып, толық орындалған.

Тарқатып айтсақ, ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы былтыр 102,3 пайызға артып, 41 млрд 531 млн теңгенің өнімі өндірілді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі былтыр шаруашылықтардың күріш ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС-ның

өндiрген өнімі есебiнe 108,2 пайызға артып, 16 млрд 723 млн теңгенің өнімі өндірілді.

Бөлшек сауда көлеміне келсек, жанармай, газ құю бекеттері, дәрiханалар, компьютерлік жабдықтар са-тумен айналысатын кәсіпорындар арқылы 4 млрд 695,1 млн теңгеге орындалған. Негізгі капиталға тарты-латын инвестиция көлемін былтыр жыл басында 21 млрд 300 млн теңгеге орындау жоспарланды. Облыс әкімінің бекітілген жоспарды артығымен орындау тапсырмасына сәйкес 24 млрд 400 млн теңге болып жеке бекітілді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция кө-лемі 22 млрд 334 млн теңгеге жетті. Оның ішінде бюджет қаражаты есе-бінен 2 млрд 453,5 млн теңге, жеке қаражат есебінен 19 млрд 880,5 млн тең-геге артығымен орындалған.

Жалғасы 2-бетте

## Спорт жаңалықтары

Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында 2026-2030 жылдарға арналған боксты дамыту тұжырымдамасын бекітті. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

### Боксты дамыту тұжырымдамасын бекітті



Елімізде бокстың дамуы сапалы жаңа деңгейге көтерілуде. Сала үшін стратегиялық маңызы бар құжаттың негізгі мақсаты – бокспен шұғылданатын азаматтар санын көбейту, спортшылар даярлау сапасын және қазақстандық боксшылардың халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Тұжырымдама негізгі 6 бөлімді және саланы дамытудың барлық бағытын қамтиды. Олардың ішінде бокс инфрақұрылымын дамыту, бұқаралық спортты кеңейту және спорт резервін қалыптастыру, ғылыми-әдістемелік және медициналық сүйемелдеу ісін жетілдіру, жаттықтырушылар мен төрешілердің біліктілігін арттыру және халықаралық ынтымақтастық пен кәсіби боксты дамыту сияқты 5 басым бағыт бар.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру тетігі 31 іс-шараны қамтитын бекітілген кешенді жоспардан тұрады. Бұл шаралар саланың өзекті міндеттерін жүйелі түрде шешуге және нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

Бүгінгі таңда Қазақстанда бокспен 153 мыңнан астам адам айналысады. Олармен еліміздің 20 өңірінде 2 мыңнан астам жаттықтырушы кәсіби істейді. Ұлттық құрамада 595 спортшы бар, олар – негізгі, жастар, балалар және жасөспірімдер командасы. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 39 мыңнан астам бала балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде бокспен айналысады, оларды 1 385 бапкер баулууда.

2030 жылға қарай бокспен айналысатындардың санын көбейту, дайындық жүйесінің тиімділігін арттыру және қазақстандық спортшылардың әлемдік деңгейдегі позициясын нығайту жоспарлануда. Тұжырымдаманы жүзеге асыру саланың жүйелі дамуына жаңа серпін бермек және отандық спортты дамыту, жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттауда, сондай-ақ халықаралық аренада елдің имиджін нығайтуда маңызды қадам болмақ.

Биыл I тоқсанда Қазақстан спортшылары халықаралық аренада жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Жалпы 200 медаль (79 алтын, 57 күміс және 64 қола) олжалаған ұлттық құрама ел абыройын асқақтатты.

### Ел қоржынына 200 медаль салды



Жазғы олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша спортшыларымыз 138 медаль (51 алтын, 39 күміс, 48 қола) жеңіп алды. Бұл – Қазақстанның әлемдік спорттағы тұрақты есімін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Ұлттық спорт түрлері де назардан тыс қалмады. Қазақстан құрамасы 22 медаль иеленіп (9 алтын, 6 күміс, 7 қола), дәстүрлі спорттың дамып келе жатқанын тағы бір дәлелдеді. Бұл бағыт ұлттық мұраны сақтаумен қатар халықаралық деңгейде де танытуға мүмкіндік беріп отыр.

Параспортшылар да жоғары нәтиже көрсетті. Жалпы 34 медаль (15 алтын, 10 күміс, 9 қола) жеңіп алған олар ел мерейін асырды. Оның ішінде паралимпиадалық спорт түрлерінде 24 медаль (7 алтын, 8 күміс, 9 қола), паралимпиадалық емес бағытта 10 медаль (8 алтын, 2 күміс) бар. Бұл көрсеткіш инклюзивті спорттың қарқынды дамып келе жатқанын аңғарттады.

Қысқы спорт түрлерінде де жетістік бар. Спортшыларымыз 6 медаль (4 алтын, 2 күміс) жеңіп алды. Бұл Қазақстанның қысқы спорттағы әлеуетін айқындай түседі.

Бірақтар жас спортшы халықаралық додаларда топ жарған. Велотресттен Қазақстанның жасөспірім қыздар құрамасы Филиппиннің Тагайтай қаласында өткен Азия чемпионатында командалық іс кесу жарысында алтын медаль жеңіп алды. Фристайл-акробатикадан жасөспірімдер арасындағы өлем чемпионатында Асан Асылхан (103,35 ұпай) алтын, ал Дінмұхамед Райымқұлов (92,82 ұпай) күміс жүлдегер атанды. Спорттық гимнастикадан Милад Карими Баку қаласында өткен өлем кубогінде 2 күміс иеленді. Конькиші Кристина Шумкова жасөспірімдер арасындағы әлемнің абсолютті чемпионы атанып, 5 алтын медаль жеңіп алды. Бұл – отандық спорт тарихындағы айтулы жетістік.

Сала министрлігі спортшыларды даярлау бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастырып келеді. Бұл алдағы кезеңде де Қазақстан спортшыларының жеңісті жолына негіз болмақ.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Өнеге

### Еңбектен бақыт тапқан батыр аналар

Шалғайдағы Жаңаталап ауылындағы ағайынның негізгі тіршілік көзі – егін мен мал шаруашылығы. Жыл сайын дала дарабоздары ауыл шаруашылығын толайым табыспен қорытындылайды. Бұған кезінде елді мекеннің еңсесін тіктеуге саналы ғұмырын арнап, қажырлы еңбек еткен аналарымыздың қосқан үлесі зор. Сондықтан олардың табандылығы мен еңбек жолы бүгінгі жастарға дәріптеліп келеді.



Жалпы ауылдағы ағайын «еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді» деген қанатты сөзді берік ұстанады. Сондықтан болар, ауылдың жастары да, қазыналы қарттары да адал еңбек етіп, бір-біріне тек жақсылық жасауды үйретіп келеді. Жуырда ауылдағы мәдениет үйі мен аналар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Ерлерше еңбек еткен батыр ана» атты аналардың еңбек жолын дәріптеуге арналған дәстүрлі шараның күесі болды. Тағалымды кешке аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Эльмира Әбсатова мен әр ауылдың аналар кеңесінің төрайымдары қатысып, шараның маңыздылығына тоқталды.

Ауыл тұрғындарымен кездесу кешіне арнайы қонақ ретінде кезінде сушы, сауыншы, диқандармен қатар трактор тізгіндеп, ерлермен иық тіресе жұмыс жасаған батыр аналарымыз қатысты. Соның бірі – Гүлсинай Найзагерова.

Жастайынан еңбекке етене араласқан анамыз бүгінде сексеннен асты. Отбасы мен дала жұмысын қатар алып жүрген кейіпкеріміз – 8 перзенттің анасы. Бүгінде солардан 38 немере, 16 шөбере сүйіп отыр. Ол – ауылда диқан міндетін абыроймен атқарған ана. Тынымсыз еңбегінің арқасында егін алқалары мен бақшалар уақытылы суарылып, мол өнім берген. Ауылдағы егін шаруашылығының дамуында анамыздың өзіндік қолтаңбасы бар. Ол 1967-1994 жылдары алтын дән алқабында ер азаматтармен үзеңгілес ауа райының қолайсыздығына қарамастан 27 жыл сушы қызметін атқарған.

– Әр заманның өз қиыншылығы бар. Қазір шүкір, барлығы бар, ал біз кезінде барлығын өз қолымызбен дайындайтынбыз. Таңғы 4-те тұрып үй-жайдың қамын реттеп, бала-шағаның тамағын

дайындап, сағат 7-де егін алқабына кететінбіз. Қазіргідей жерге күтім жасаламағандықтан біздің жас күнімізде жер жабайы болды. Соған қарамастан күріштің дөңдеп жетіліп шығуына барынша атсалыстық. Аяғымыздан өткен суыққа қарамай, көптеген ауыр жұмыс жасадық. Түсі асты да егін алқабында ішіп, үйдегі бала-шағаға осы жақтан нан көміп ала қайтатынбыз. Сушы болу оңай жұмыс емес, десе де біз осы жұмыс арқылы шындалып, адал еңбектің арқасында қиындықты еңсердік, – дейді Гүлсинай Найзагерова.

Келелі кездесуге келген қадірлі қонақтың бірі – Жарқын Жаханбаева. Ол мал бағып, сауыншы қызметін абыроймен атқарған. Кейіпкеріміз ауыл шаруашылығы саласымен шектелмей, ауылдың көркеюі үшін құрылысшы болып жұмыс жасаған. Еңбек жолында кездескен қиындықтарды қаймықпай жеңе білген анамыздың ерік-жігері мен қайсарлығы – көпке үлгі. 17 жасында ауылға келіп болып түскен кейіпкеріміз еңбек жолын ең алғаш сауыншы болып бастаған. Кейін ауылдағы құрылыс бригадирлерінің жанында кемшісі болып жұмыс істеген. Ер азаматтар жағы кесек құйып, кірпіш өрсе, нәзікжан анамыз таң атысымен иығына ауыр көтөрініп асып лай илеп, кірпіш тасыған. Жас болса да жұмысына жауапкершілікпен қараған ол бүгінде еткен еңбегінің жемісін көріп, ұлқызына тағалымды тәрбие берді. Отбасы екеуі 9 баланың ата-анасы атанып,

олардан 49 немере, 19 шөбере сүйді.

Бүгінгі басқосуға еңбек ардагері, күміс алқа иегері Несібелі Берімова анамыз да қатысты. Ол ауыл шаруашылығы саласында күріш өгіп, егін алқабында өзіндік қолтаңбасын қалдырған. Жолдасымен отасқанына 50 жылдан асқанын айтқан анамыз ұлқыздарын қатарынан кем қылмай өсіру үшін «қолымнан келмейді» деп қарап отырмай, күріш те, басқа да егін еккенін айтты. Жолдасымен бірге жас жұмысшылардың қатарына кірген күннен бастап күріш алқабына барған ол ең бірінші құлақтарды ашу, суды уақытылы жіберу сынды жұмыстарды жасаған. Кейін қажырлы еңбегіне қарай кейіпкерімізге гектарлар жер беріліп, күріш суышысы қызметін тапсырған. Таңсаріден кешке дейін егін даласында адал еңбек еткен ол артылған жауапкершіліктен қашпай, керісінше білек сыбана кіріскенін айтады. Еңбек ардагері 3 қыз, 3 ұлды өмірге әкеліп, олардан тараған 21 немере, 6 шөберені тәрбиелеп отыр.

Келелі кездесудің соңғы қонағы – Ақзира Журалиева анамыз. Ол сауыншы қызметімен қатар трактор тізгіндеген.

– Мен егін алқабында «Енисей» комбайны мен трактор тізгіндедім. Шіліңгір шілденің ыстығына қарамай комбайн айдап, күріш орып, жер жырттық. Еңбек етуден шаршамадық. Бастапқыда техникамыз тізгіндеуге қорыққаным рас. Десе де «еңбек етсем екен» деген құлшынысы бойымдағы қорқынышты жеңді. Еңбек-

пен еңсе тіктеп, жұмыста ширақ болдық. Қазіргі жастарды да еңбекке көбірек баулу керек. «Адамның кіндік қаны тамған жерге, маңдайының тері де таму керек» демеуші, ауылдан шыққан ер азамат ауылдың жарқын болашағы үшін еңбек етуі керек, – дейді Ақзира анамыз.

Ақжарлықты анамыз өмірге 5 бала өкелген. Балаларын да адал еңбекке баулып, олардан 16 немере, 4 шөбере сүйіп отыр.

Бүгінгі басқосуға келген батыр аналарымыздың еңбек жолы – екі қолға бір күрек таппай, ауыл жұмысын ауырсынып жүрген жастарға үлгі. Аналардың өнегелі өмір жолын жастарға дәріптеуде ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастарған келелі кездесуі жоғары деңгейде өтті. Жас ұрпаққа бағдаршам іспетті дұрыс бағыт-бағдар беріп отырған батыр аналарымыз бүгінде еңбектен өлі қол үзбеген. Олар ауылдағы «Асыл аналар» ансамблінде өнер көрсетіп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, қолөнерімізді келіндеріне үйретіп келеді. Кездесуде аналарымыздың жүрежарды естеліктері арқылы ерөн еңбектері еске алып, еңбекқорлығы мен батылдығына тәнті болдық. Әлі оң-солын тани қоймаған жасөспірімдер жас шыбық секілді. Қалай исең, солай бой тұзайт емес пе? Сондықтан еңбектен бақыт тапқан ел аналарымыз қатысуымен өтетін осындай тағалымды кештердің жастарға берер тәрбиесі мол.

Сезім НҰР

**Брифинг**



## Өрттің алдын алу – ортақ міндет

**Жыл басынан бері елімізде тұрғындардың тоқ жүйесін дұрыс пайдаланбау, электр жабдықтарын орнату және қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзуынан екі мыңнан астам өрт оқиғасы тіркелген. Салдарынан 100-ден аса адам түрлі дене жарақатын алып, 150-ге жуық азамат көз жұмған. Тілсіз жауды болдырмау немесе алдын алу бағытында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі жүйелі жұмыс атқаруда. Десе де жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстарға қарамастан ауданда жыл басынан бері 5 жерде өрт болған. Бұл туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Мұхтар Белсенбаев БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте баяндады.**

Жауапты да күрделі сала бастығының айтуынша, аудан гарнизонында штат бойынша қырыққа жуық қызметкер бар. Оның ішінде төтенше жағдайлар бөлімінде 4, №11 өрт сөндіру бөлімінде 35 қызметкер жұмыс істейді. Сондай-ақ 3 өрт сөндіру автокөлігі бар. Жыл басынан бері бөлімге 18 хабарлама түскен. Оның 5-еуі өрт оқиғасына тиесілі. Тіркелген 5 өрт оқиғасының жалпы шығыны 160 мың теңгені құрайды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 94 пайызға азайған, яғни бытырғы материалдық шығын көлемі 2 млн 680 мың теңгені құрады.

Айта кетейік, 5 өрт оқиғасының 4-еуі тұрғын үй секторында электр желілерінің қысқаша түйықталуы, жылыту пештері мен газ баллондарын қолдану кезінде орын алған. Ал 1-еуі басқа орында, яғни сыртта дайындалып жатқан асты қараусыз қалдыру салдарынан тілсіз жаудан қауіп төнген.

Жалпы төтенше жағдайлар бөлімінің негізгі қызметі – төтенше жағдайларды болдырмау және алдын алу. Сала мамандары аудан тұрғындарын суға шомылу маусымында су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырып, жылу беру маусымында білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік нысандардың дайындық жұмыстарын үнемі бақылауында ұстайды. Сондай-ақ аудан аумағында орналасқан жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау мен көмірқышқыл газынан улану фактілерінің алдын алу бағытында, аудан көлеміндегі егін жинау науқаны кезінде олардың өрт қауіпсіздігінің қамтамасыз ету үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, төтенше жағдайлар қаупі туындаған жағдайда хабар беру құжаттарын ескертуде. Әйтсе де бөлім бастышының айтуынша, ескертуге елең етпейтін тұрғындар көп. Себебі соңғы уақытта аудан көлемінде орын алып жатқан өрт тұрғындардың жауапсыздығы мен салғырттығынан орын алуға. Мәселен, өрт жылыту пеші мен электр желілерінің ақауына, газ плита үстінде дайындалып жатқан асты бақылаусыз қалдырудан өшірілмеген шылым тұқыл-ны тастаудан орын алып жатыр.

– Көктем басталса, су тасқынының алдын алу мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға арықтарды тазалап, ауаларындағы қарды уақытында шығаруды ескертеміз. Әздеріңіз білетіндей, соңғы жылдары елімізде орман өрті өршіп тұр. Сондай-ақ ауылдарда орын алатын өрттің басым көпшілігі тұрғын үй секторларында, яғни

электр сымдарының қысқаша түйықталу салдарынан болады. Жан-жағын жайлап өтіп, қызуар шығынға батыратын өртті болдырмаудың бірден-бір жолы – оның алдын алу. Бүгінде ауданда барлығы 707 гидрант бар. Оның 163-і кентте, 532-сі елді мекендерде, 12-сі нысандарда орналасқан. Барлығы жарамды күйде, толық бақылауда. Мұнан бөлек бізде электронды карта да бар, яғни бір жерде өрт оқиғасы орын алса, соған жақын қай маңда өрт гидранты бар, соны анықтап береді. Бұл бір жағынан орын алған өртті дер кезінде ауыздықтауға мүмкіндік береді, – дейді спикер.

Мұнан бөлек ауданға қарасты ауылдарды тілсіз жаудан қорғау мақсатында Мәдениет пен Аламесек, Қарақеткен мен Бұқарбай батыр ауылынан өрт сөндіру бекеттері ашылған. Өр бекет өзіне жақын ауылдарда қандай да бір өрт шықса, көмекке барып, ауыл еріктілерімен бірге өртті ауыздықтауға атсалысады.

**Тілсіз жау уақытқа бағынбайды**

Спикер қаңтар айында бөлімшеге түнгі сағат 00:06-да ауданға қарасты Есет батыр елді мекеніндегі тұрғынның үйінен газ баллон ақауынан өрт шыққаны жөнінде хабарлама түскенін айтады.

Сезім НҰР

## Кәсіпкерлік: саладағы мәселелер қаралды



Мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды да жергілікті жұрт кәсібін ашуға, оны дамытуда тиімді пайдаланып отыр. Былтыр 264 жоба 4 млрд 391,2 млн теңгеге қаржыландырылған. Тарқатып айтсақ, екінші деңгейлі банктермен берілген несиелер арқылы 7 жоба 728,8 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Ал «Аграрлы несиелер корпорациясы» АҚ арқылы 84 жобаға 2 млрд 337,8 млн теңге қаралған. Инновациялық жобаларға берілетін 5 млн теңгеге дейінгі қайтарымызсыз грантпен 1 жоба қаржыландырылған. Жобаның жалпы құны – 4,5 млн теңге.

Мұнан бөлек «Қызылорда ӨИО МКҰ» ЖШС «Микробизнес – Қызылорда» бағдарламасы арқылы 3 жоба 93,5 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Ал «Байқоңыр ӘКК» АҚ мен «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 33 жобаға 166,5 млн теңге бағытталды. Сондай-ақ 400 АЕК көлемінде қайтарымызсыз мемлекеттік грантпен 134 жоба қаржылай қолдау тапты. Жалпы құны – 210,1 млн теңге. Басқа да қаржыландыру көздері арқылы 2 жобаға 850 млн теңге бағытталған.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қайрат Жаппасбаев 2023 жылдан бастап ауданда

2,5 пайызбен несиелер берілетін «Ауыл аманаты» жобасы сәтті жүзеге асып жатқанын айтады. 2023 жылы аталған жоба бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы 179,7 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде жаңадан 33 жұмыс орны құрылған.

Былтыр жыл басында облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін ауданға «Байқоңыр Әлеуметтік Кәсіпкерлік Корпорациясы» АҚ арқылы түрлі бағытта бойынша жалпы құны 379,7 млн теңгені құрайтын 56 жобаны қаржыландыру көзделді. Жалағаш кентінде 10 жоба, әр ауылдық округте кемінде 4 жаңа жобаны қаржыландыру мөжеленген. Нәтижесінде жалпы құны 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылып, жаңадан 35 жұмыс орны құрылды. Оның ішінде өңдеу бағыты бойынша 14 жобаға 62,9 млн теңге бағытталды. Ал асылтұқымды мал шаруашылығы бойынша 12 жобаға 66,1 млн теңге қаржылай қолдау көрсетілді. Мұнан бөлек құс шаруашылығы бойынша 1 жобаға 2,5 млн теңге бөлінсе, басқа да қызмет көрсету бағыты бойынша 6 жоба 35 млн теңге қаржылай қолдау тапты.

Аталған бағдарламаның ауданда сәтті жүзеге асып жатқанына күмән жоқ. Жылдың алғашқы тоқсаны да кеше түгесілді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында былтыр 2 жоба 15,1 млн теңгеге қаржыландырылды. «Атамат-nesie.kz» цифрлық платформасына 117,8 млн теңгені құрайтын 18 жобаның құжаттары өңгізілді. Оның алтауы кенттің үлесінде. Қалғаны ауылдағы ағайынның өнішінде.

Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттің бірі – инвестициялық ахуалды жақсарту арқылы отандық және шетелдік инвестиция тарту. Былтыр ауданда жалпы құны 1 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба іске асты. Нәтижесінде 19 жаңа жұмыс орны құрылды. Олардың қатарында «Ер-Әлі» ШҚ-ның «Күріш ақтау және жем өндіру» зауыты құрылды. Сондай-ақ «Бейбарыс» ЖК-ның да «Кондитерлік өнімдер шығару» цехы 50 млн теңге қаржылай қолдау тапқан. А.Гаюпованың «Сауда және ойын-сауық орталығы» да қаржылай қолдау тапқан жобалар қатарында. Жалпы құны 380 млн теңгені құрайды. «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 млн теңгені құрайтын мақсары майын,

Ерлан СОЗАҚБАЕВ  
БАСЫ 1-BETTE

**Бәрекеді!**

**28-30 наурыз аралығында Қостанай қаласында гір спортына жастар мен жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өтті. Еліміздің 14 облысынан жиналған тартысты додаға 400-ге жуық спортшы қатысты. Аталған жарыста аудан атынан «Наркескен» спорт клубының гір спорты үйрмесінен 4 спортшы бақ сынады. Олар ел чемпионатынан қоржынға 3 күміс, 2 қола салды.**

## Жерлестер жеңіс төрінде



Жарыстың бірінші күні спортшылар серпе көтеру жатығуы бойынша сынға түсті. 2010 жылы туған және одан кіші жасөспірімдер арасында өткен сайысқа ауданымыздан 48 келі салмақта Мешітбек Ержан қатысып, 16 келі екі гір тасын 113 рет көтеріп, үздік үштікті түйіндеді. Айта кетейік, бұл – спортшының Қазақстан чемпионатына алғаш рет қатысуы және алғашқы жүлдесі. Бұған дейін облыстық жарыстың бірнеше мәрте жеңімпазы. Үйірге 5 сыныптан бастап тұрақты қатысып келеді.

Мұнан кейін жарыс алаңына Әлтайыр Әмірбек шықты. Ол сайысқа 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында 63 келі салмақта қатысып, екі 24 келілік гір тасын 10 минутта 95 рет көтеріп, II орын иеленді. Спортшымыз – 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында алғашқы жүлдесіне бүгінгі жарыста қол жеткізді.

Жарыстың 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен +78 келі салмақтағы кезеңіне аудан атынан Әзиз Ербол қатысты. Ол қос 24 келілік гір тасын алаңында 120 рет ойнатып, II орынға тұрақтады. Сондай-ақ жастар арасында 95 келі салмақта екі 32 келілік гір тасын 50 рет көтеріп, қоржынды қола медальмен толықтырды. Ол – 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында әлем чемпионы, сондай-ақ бұл жеңіс – оның жастар арасындағы алғашқы жүлдесі.

– Мен гір спортымен 4-сыныптан бері айналысып келемін. Бұл спортқа қызығуыма жаттықтырушы Абдулхасан ағай сеп болды. Сол кісіге қарап бой түзеп, үйірге тұрақты қатыса бастадым. Барлық спорттың өзіне тән ережесі мен қиыншылығы болады. Ал спортшының міндеті – өз мақсатына жету үшін сол қиындыққа төтеп беру. Бастысы, өзіне деген сенімділік пен жеңіске деген құлшыныс, ерік-жігер болу керек. Сонда ғана жеңістің жалауы желбірейді, – дейді Әзиз Ербол.

Айта кетейік, жас спортшы – қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі бойынша I курс студенті. Әзиз Ерболдың салада жеткен жетістігі көп. Ол Шүчинск қаласында гір спортынан ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан чемпионатында серпе көтеру сайысында 73 келі салмақ дәрежесінде қос 24 келілік гір тасын 115 мәрте көтеріп, алтыннан алқа тағып, ел чемпионы атанды. Мұнан бөлек былтыр Әзбекстанның Яндихан және Хоновод қаласында жасөспірімдер және әрдагерлер арасында өткен әлем чемпионатында топ жарған болатын. 28 мемлекеттен келген 500-ге жуық спортшының арасынан Әзиз Алматыдағы 78 келі салмақта көпсайыстан алтын серпе мен жүлқа көтеруден қола медаль иеленіп қайтқан болатын.

Жарыстың екінші күні спортшылар жүлқа көтеру жатығуы бойынша сынға түсті. Оған 2008-2009 жылы туған жасөспірім қыздар қатысты. 63 келі салмақта Арайлым Аймағанбет II орын иеленді. Жаттықтырушы Абдулхасан Сәйтеновтің сөзінше, бұл жеңіс – спортшының Қазақстан Республикасы чемпионатындағы алғашқы жүлдесі.

Айта кетейік, осы айдың аяғында әлем чемпионаты Қырғызстан мемлекетінің Бішкек қаласында өтпек. Сайыпқыран спортшыларымыз жарысқа қатысуға қаржылай қолдау табылса, әлем чемпионатында топ жаруды көздеп отыр.

Әздеріңіз білетіндей, «Наркескен» спорт клубында гір спорты үйрмесі 2016 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Аудан әкімдігінің қолдауымен, демеушілердің көмегімен гір спорты үйрмесі талапқа сай қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Бұл жұмыстар бүгінде өз жемісін беріп, аталған спорт түрі дамып, жыл сайын үйірге қатысушы жастар саны артып келеді.

– Бүгінде үйірге кент, ауылдық округтерден аптасына 4 күн 60-қа жуық оқушы келеді. Үйірмеде 4 топ бар, оның біреуі – «Сауықтыру» тобы. Қатысушылардың еңбекқорлығы мен шеберлігі талай додаға сынға түсті. Олар спорт шебері атағын алу үшін біраз тұр текті. Нәтижесінде Төлеген Қайсар – спорт шебері, ал Нұрлан Қуаныш, Өтеген Әділбекұлы, Ербол Әзиз, Нұрслам Орынбасар, Ислам Мәжіев – спорт шеберіне үміткер, – дейді жаттықтырушы Абдулхасан Сәйтенов.

Жылды жеңіспен бастаған үйірме қатысушыларының мүлдем бос уақыты жоқ. Бірі жарыстан келіп жатса, енді бірі жарысқа қатысуға дайындық үстінде. Мәселен, олар қазір мамыр айында Ақтау қаласында өтетін Азия чемпионатына дайындалуда. Аталған жарысқа басшылық тарапынан қолдау мен қаражат табылса, аудан атынан үйірменің 8 спортшысы сайысқа қатысуға ниетті. Барлығының арманы – жеңісті жолдан жығылмау. Спортшылардың тыңғылықты дайындығын көрген біз байрақты бәсекеде олардың жеңіспен оралатынына сенім білдірдік.

Сезім НҰР

Тағылым

# Қажырлы еңбекпен құрметке бөленген

Кенбайтақ жері, ордалы халқы бар ел қашанда бақытты. Сол елдің елдігін сақтап, туын жөкпей, мәртебесін көтеретін де оның біртуар азаматтары. Алпыс жылға жуық тарихы бар мал шаруашылығымен айналысқан Аққолқа ауылы да қиыншылықтарға қара нардай қарсы тұрып жеңе білген, халқына қорған, елдің бірлігін сақтауға ұйытқы болған азаматтарымен мақтана алады. Бұл есімдер Малбасқан, Бекжан, Сейсен, Саттарқұл, Бодық, Бертая т.б. болып жалғасып кете береді. Соның ішінде есіресе Шаңғара Турмановтың есімі бөлек, шоқтығы биік тұрады.



сөтіп, қолын кестірмейді. Жедел көмек көрсетудің арқасында қолы қимылдап, икемге келе бастайды. Соны көрген дәрігерлер де қолын емдеуге бар күшін салады.

«Алғашқыда қару-жарағымыз тапшылық етті. Екі адамға бір автомат болған кездер де болды. Граната деген жоқтың қасы. Бірақ сонда да жауға қасық қанымыз қалғанда қарсы тұрдық» деген көзі тірісінде майдангер.

Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Отан қорғау жолындағы жаңжырлық ерлігі үшін ол «Ұлы Отан соғысында Ленинградты жаудан қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдары Германияны жеңгені үшін», Ұлы Жеңістің 20, 30, 50 жылдық» медальмен, «КСРО қарулы күштеріне 50, 60 жыл» мерекелік медалымен, «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталды.

бригадирі болып мал азығын дайындау жұмысына атсалысып, енді бірде ірі қара бағын еңбек етті. 1975 жылы зейнеткерлікке шықса да, қол қусырып қарап отырған емес. Көктемгі қой төлдету, мал қыстату науқанында шопандарға қол үшін берді.

Қариясы бар елдің қазынасы бар. Көзі ашық, көкірегі ояу қазыналы қария ақсақалдық танытып, малды ауылдың бірлігіне ұйытқы болды. Көңілге түйгендерін, өмірлік тәжірибесін айтып үйретіп, кейінгі жастарға бағыт-бағдар беруден жалыққан емес. Кешегі ашаршылық, репрессия кезінде қазық халқының басынан өткен қиыншылықтарын, Ұлы Отан соғысы жылдарында көудесін оққа тосып, Отан қорғаған жауынгерлердің ерлігін айтып, жастарды адал еңбек етуге, елің жерін қорғауға үндеп, патриоттық тәрбие берді.

«Жас кезімде үлкен кісілердің ел алдында абырой-беделінен айырылмауды Алла тағаладан тілеп отыратынын естуді едік. Енді түсіндік, жас келген соң қартаю үлкен сын екен» деп Шәкен жас келіп үлкейгенде үлкен жауапкершілік жүктелетінін айтып отырушы еді. Шынында, жас келгенде өткен жолыңды еске түсіресің. Сол кездегі ақсақалдардың жүріс-тұрысы, сөз саптау ерекшелігі, тектілік белгілері көзге ұрып тұратын. Жат қылықты, ауыл арасындағы дау-дамайды болдырмауға тырысып, елдің бірлігіне қызмет ететін.

«Абыройыңды алмасың, өміріңді ұрпақ жалғасың. Тілеп осы үлкеннің, Үлкендік келіп қалғасың. Ізін қалсын өмірде, Жүріп өткен жолыңнан. Үлгі өтсін ұрпақ кейінгі, Адам болып елге танылған» деп Мысық би айтқандай, Шаңғара ағай да артында өшпес із қалдырған ел сыйлап, құрметтейтін ауылдың абыз ақсақалы болатын.

Өмірлік серігі, жанына жалау болған жұбайы Бағдағұл алай екеуі елу жыл бірге құрып, бақытты ғұмыр кешті. Алла беріп, дүниеге әкелген ұл-қыздарын мәпелеп өсірді. Тәрбие-тәлімі мол ұядан ұшқан балалары Ағайша, Бибаиша, Бердібек, Фарид, Бауыржан да бүгінде ер жетіп, ата-ана сенімін абыроймен ақтап жүр. «Сәніне соғылар ескерткіш тұғырын бүкіл саналы өмірімен, ұланғайыр еңбегімен тұрғызып, сол тұғыр тұсындағы аспан биігінен мәңгі өшпес жұлдыздай болып жарқырап тұратын жандар бар» деген екен қырғыздың заңгер жазушысы Шыңғыс Айтматов. Сол айтқандай, қиын-қыстау кезеңде қажырлы еңбек етіп, есімі ел жадында қалған абзал азамат, соғыс және еңбек ардагері Ш.Турмановтың ұрпағы көргенді өкпеден алған өнегелі тәрбиесін басшылыққа алып, ер салада еңбек етіп, егемен еліміздің кемелдене түсуіне лайықты үлес қосып келеді. «Алма ағашынан алысқа түспейді» деген осы шығар, сіре!

Серік БЕРТАЕВ,  
ардагер-журналист



Еліне еңбегі сіңген ардагер ағаны мен жақсы білемін. Алты жыл шопан болып еңбек етіп, Аққолқаға 1975 жылы көшіп барғанымда талай көріп сәлемдесіп, әңгімелескенбіз. Сол кезде алпысты алқындаған Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Мектеп оқушыларымен өтетін кездесулерге қатысып, кешегі ел басына қатер төнген сұрапыл соғыс кезіндегі қиын шәк туралы әңгімелерін талай рет естудің сәтi түскен.

1917 жылы дүниеге келген Шәкен ер жетіп, есейіп, алғашқы колхоздастыру, одан кейінгі ел басына төнген нәубет ашаршылықты да көзбен көрді. Еңбекпен өсейген жас жігіт мал шаруашылығында жұмыс істеп, ел қатарлы күн көреді. 1937 жылы әскер қатарына алынып, Ленинград қаласы маңындағы №56-шы атқыштар дивизиясында қызмет етеді. Сөйтіп азаматтық борышын атқарып, «ауылға қайтмаңыз» деп жүргенде неміс әскерлері тұтқиылдан шабуыл жасап,

екінші дүниежүзілік соғыс өрті бүрк ете қалды. Ұлы Отан соғысы басталғанда №56-шы атқыштар дивизиясының пулеметшілер ротасының құрамында соғысқа кірген жауынгер майдангерлер басынан өткізген қиын-қыстау күндерін бірге көрді. Ленинград майданында көптеген ауыр ұрысқа қатысып, жаумен жан аямай шайқасып, ерен ерлігімен көзге түседі.

Соғыстың аты – соғыс, мұз жастанып, қар кешіп, бақайшағына дейін қаруланған жаумен жанталаса шайқасып жүріп жеңістің де, жеңілістің де дәмін татты. 1943 жылы қаңтарда Нева өзені үстінде болған қиянқескі ұрыс кезінде оқ қолына оқ тиіп, ауыр жараланып госпиталға түсті. Қару ұстайтын оқ қолында жан жоқ, жау оғы екі-үш саусағын жұлып кеткен. Оның жарақатын көрген дәрігерлер қолын кесіп тастамақ болады. Қолсыз қалғаннан жан бергенді құп көрген Шәкен дәрігерлерге қарсылық көр-

етіп, қолын кестірмейді. Жедел көмек көрсетудің арқасында қолы қимылдап, икемге келе бастайды. Соны көрген дәрігерлер де қолын емдеуге бар күшін салады.

Әңгіме

# Барымташының ажалы

Жанындағы бес-алты жолдасымен денесі енді ірілене бастаған бойшаң, қарасұр жігіт Жаңабай қалың жылқыны ауыл сыртына екі-үш қыр қалғанда алдын қайырып тастады. Сенімді екі жігітін осынау мол қазынаны қайта-қайта нығыздай тапсырып, ауылға қарай таң біліне қозғалып еді. Көзге түртсе көргісіз қараңғы түнелте, қара жердің қалың отынан инедей нәрсені көзі шалатын қырағы жігіттер жолы болғандарына аса қуанышты. Арасында ыңылдап ән сала бастағаны да бар. Әсіресе, Жаңабайдың бақыршысы Мәмбетжұманың жүзінен осы көңілділіктің табын айқын аңғаруға болады. Сүліктей кіл қараны таңдап мінген жортушылар ауылға тақағанда, шығыстан күн маңдайы да көріне берді.



Бозбала жасынан қарулыға дес, ауыздыға сөз бермей, жоқтың жоғын жоқтайтын Жаңабай сырт елдердің байларын барымталайтын. Кейде Бірғыз, Ақтөбе жақты торуылдаса, мойны алыс жерлерді тіптен көп кездесетін. Әсіресе, қарақалпақ байларының көп үйірін құмға сіңіргендей жоқ қылатын. Осы шағын топтың басшысы да өзі. Қасына ерген некерлері де өзіне сайма-сай, жігіттің төрелері. Жасынан кедейліктің қамытын кесе де ешкімге иығын бастырмаған Жаңабай өзінің бұл ісін жөн деп санайтындай. Адал кәсіптен гөрі оңай олжаны жақтайтындай. Осы жортуылдан-ақ кәсібі көзге көрініп тұр. Бірақ күншілік жерден өзі тұрғылас кедей сорлығы көмектесу үшін осылай жортып, сойыл сілтесетін күндері де аз емес. Жаңабай тек байларды ғана нысанасана алатын. Қара халықтың тышқақ лағына да тиіспейді. Бай мырзалардың астамсыған қылықтарына осы іс-әрекетін қарама-қарсы қойған Жаңабай да, жігіттер де шын мәнісінде оларды жек көретін. Бәрі байлардан қағажу көріп, өмірдің төлкегін ерте татқан кек қуған жігіттер, кек қуған Жаңабай. Сондықтан қуалай айдап әкелген қалың жылқының енді тағдыры осы бір қарасұр жігіттің қолында.

Сіре, қос бауыры Шалабай да, Балабай да Жаңабайдың осы суыт жүрісінен талай секем алса да, қолға ілігер ешбір дәлел таба алмай дүңкелері құрыған. Байқалып қалған осы қаралы тай-жабағысы аралас жаз жылқыны тез ел асырып жібермегеніне Жаңабай да іштей қынжылды. Кімнен күдіктенерін жөне білмеді. Әлде кезбе жоллаушылардың бірі сүйкетіп келіп айтып салды ма, әйтеуір қалың жылқының өлегі ауылды әп-сәтте дүрліктерді. Бұл елдің өзінде ауыз толтырып айтар бай да, бағлан да жоқ. Тілге көсем, байыпты сөз айтар би-шешен бұрын болғанмен қазір таба алмайсың. Бірақ ел сыйлар ақсақалдар аз емес еді. Айдарбектің бір баласы Татыранның ақсақал-қарасақалы жиналып Жаңабайды ортаға қысты.

– Шырағым, ел амаң жұрт тынышта сырттан жау шақырғаның не екенің? Бұл кәсібіңді өзіміз көрмесек те, іштей сезіп, біліп жүрміз, – деп сөз бастады төрте отырған қариялардың үлкені. Жанындағы жарамсақтау біреуі килге кетті.

– Әлде мына жұртты құрбан өтпейсің? Оның біз көне қойман. Ел асып жылқы әкелесің, зияны кімге, пайдасы кімге? – деп ірілене бастады. Сіре, қолындағы екі-үш үйір көк аласын уайым-дағаны болса керек.

– Іздеген жау болса мені табар. Менің басым кетеді. Өзім жақтым, өзім түсермін сол отқа. Оған бола даурықпаңдар, түге, – деді Жаңабай. Тағы біреуі ашу шақырды.

– Сонда да сен бізді отқа итеріп отырсың, шырақ. Сен бері қара, осы тірлігіңді тастамаасаң... Осылай дей бері еді, сөзіңнің аяғын жұтып қойды. Барымташы жігіттің қызылдан бастаған кезінен қорықса керек.

– Қарағым, ойлаң, таста осы кәсібіңді, – деп қысқа қайырды бірінші сөз алған ақсақал.

Жанындағылар шуласып, ағалары да бастарын шұлғи қостап, дабырал кетті.

– Жоқ! Батыр жігіттің даусынан қараша үйдің ішіндегілер сөлке өте қалды. Бағананы шу сап тиялған. Көбісі Жаңабайға түңіле қарайды. Ол бір сөзді адам еді.

Ертенің кешегі қауым тағы ойласты. Бұл кезде барымташылардың екеуі қалың жылқыны батысқа қарай Адай арасына өз адамдарына айдатып жіберген. Жаңабай өз үйінде жатқанда бұл көсібін қойдыру үшін кешегі топ тағы да көнесіп, кеу-кеулесіп жатқан.

– Қорқытайық, – десті біреулер.

– Суға батырып қорқытайық. Қазір дария ұстасқан кез, ойыққа салып батырайық.

Бұл ұсыныс бәріне ұнаса да, батырды одан әрі ерегістерін білген жоқ. Бәрі осыған уағдаласты. Жаңабай сонда ғана ұрлықты, барымташылықты қояр деген ой барлығының басында тұр.

Қыс мезгілінің алғашқы айы. Сәске түске дейін ұйықтаған Жаңабайды жабылып жатып он жігіт тұзаққа түсірді. Әрі-бері қарсыласып болмаған соң жанындағы атақты түрікмен батырынан ал-

ған қанжарын іздеп еді, қолына түспеді. Бұның көзі ұйыға кеткенде қаруының бәрін үлкен кеткен сияқты.

Әрі-беріден соң сөзге тоқтамаған бұл жазғанды қарулы жігіттер байлап-матап дариядағы аузы кісі сиятындай мұз ойығына салған. Қол-аяғы матаулы, екі иықты аша ағашпен басып, мойнына арқан салғаны және бар Жаңабайды төрт жігіт күштеп суға батырғанда да райынан қайтпады. Екіншісіне де сөйтті. Үшінші рет батыруға бет алғанда Жаңабайдың осы кәсібін тоқтатуға тырысқан ауыл ақсақалы ақырғы рет сұрады.

– Қоғамың, тастаймысың осы барымташылықты?

– Жоқ!

Беті көгіс тартқан қайсар жігіт солай деп жауап қайтты.

– Мені өлтіріңдер, өлтірмесендер біреуің де жер басып жүрмейсіңдер. Бұл сөзді естігенде көпшіліктің санасындағы Жаңабай әлі де барымташылықты қояр деген үміт өшкен еді. Дәл осы сәтте жұрт екіге айрылды. Өзі тұрғылас жас жігіттердің көбісін Жаңабайды жақтап араса сұраушылар көбейді. Үлкендері керісінше көріп, кесірлікке салынды. Осылай дай-дүй болып тұрғанда, ақырғы сөзді сұраған әлгі шал Жаңабайды мұз астына салуға қайта бұйрық берді. Ағашпен иығын бастырып, мұз астына қайта салды. Мойнындағы арқанмен гана ағыстың өкпінімен аңып кетпеу үшін денені екі жігіт суырып алуға дайын тұр. Бағанадан бері осы арқанмен батыр жігіттің басын мұз астынан су бетіне шығарып ауа жұтуына мүмкіндік беріп тұрған. Арқан осы сәтте кәріле берді. Не ойы бар екені белгісіз, әлгі ақсақал келді де, көздікпен қиды да жіберді. Жұрт шу ете қалды. Мұз астында кеткен Жаңабайдың денесі әудем жерге дейін күңгірлеп бара жатты. Барымташы жігіт осылай мұз астында кете барды.

Көктем салым мұз еріген тұста Жаңабайдың денесі табылған. Бәлкім елден шыққан ерен төнтекті жөнге салар істің басқа жолы бар ма еді, кім білсін. Әйтеуір, біздің білетініміз, барымташы батыр жігіттің денесі табылған дарияның қайыр тұсын кейінгілер Жаңабай қайыр деп атап кеткен. Мына күдіретті қарасаңышы! Сол Жаңабайдың денесі табылатын көктемге дейін барымташы жігіттің ажалына себеп болып арқан кескен ақсақал да оның қасындағы желбуаз шалдар да бірін соң бірі дүниеден озған еді.

Ержан ҚОЖАС

Акция

# БІРТҰТАС ЕЛ — БІРТҰТАС ЖЕР

Өткен аптада ауданда өткен «Біртұтас ел біртұтас жер» акциясы елдік пен ерліктің еңсесін тіктеп, ұрпақ санасына отансүйгіштік рух дарытқан айрықша басқосу болды. Бұл шарада тек сөз емес, жүректен шыққан жалын, кеудеден көтерілген намыс, бабалардан жеткен батырлық анық сезілді.



ҚР Қорғаныс министрлігінің ақпараттық насихаттау тобы аудан орталығындағы №31 мектеп-гимназиясы мен 201 мектеп-лицейінің жоғары сынып оқушыларымен жүздесіп, ел қорғау жолының қасиетін кеңінен түсіндірді. Әскери оқу орындарының тәртібі, Отан алдындағы борыштың биігі, әскери қызметтің мән-маңызы сөз болып, «Ерлік сабағы» жас буының намысын қайтар тағылымды дәріске айналды. Әрбір айтылған ой жас жүрекке от тастап, елге деген сүйіспеншілікті күшейтті.

Одан кейін оқушылар «Руханият» орталығындағы аудандық тарихи өлке танысу музейіне барып, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде сыр шерткен жәдігерлермен танысты. Батырлар ерлігі айшықталған экспозициялар мен қару-жарақтар көрмесі өткеннің өшпес ізіне жетелеп, ерлік пен төзімнің қандай болатынын жан жүректен сездірді.

Ілі шараның жалғасы Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде өріс алып, елдік рухтың думанына ұласты. Аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменовтің қатысуымен өткен жымды мектеп оқушылары, индустриалды аграрлық колледж студенттері және «Жас сарбаз» қозғалысының жалынды жастары бас қосып, бірлік пен тұтастықтың мөн терең ұғынды. ҚР Қорғаныс министрлігінің Орталық ассамблеясы ұсынған концерттік бағдарлама рухты асқақтатып, жүректен жерге құйды.

Кеш барысында елге адал еңбек етіп жүрген бірқатар азамат құрметке бөленіп, аудан әкімінің алғысымен марапатталды. Осылайша «Біртұтас ел — біртұтас жер» акциясы бабалар аманатын бүгінгі ұрпаққа табыстаған тағылымды шара болды.

Гүлжан ЕСЖАН

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5132 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 200 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің сырбой@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).
- Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
- Stories – 10000 теңге
- TikTok: Video – 15000 теңге
- Stories – 10000 теңге
- Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 2983 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің zhalagash-zharshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3500 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).
- Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
- Stories – 8000 теңге
- TikTok: Video – 10000 теңге
- Stories – 8000 теңге
- Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).
- Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
- Stories – 10000 теңге
- TikTok: Video – 15000 теңге
- Stories – 10000 теңге
- Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

**Маман мерейі**

# Мейіргер Құндызай

Құндызай Мырзабекқызы – денсаулық сақтау саласында 10 жылдан астам тәжірибесі бар білікті маман. Алғаш еңбек жолын аудандық ауруханада наркология бөлімінде бастаған ол қазіргі таңда емханада аға мейіргер қызметін абыроймен атқарып келеді.



– Бала күнінен ақхалатты абзал жан болуды армандадым. Үлкен анам осы аудандық емханада бірнеше жыл мейіргер болып қызмет етті. Соған еліктеп, бала күнінен «мен де үлкен анам секілді дәрігер боламын» деп жиі айтатынымын. Уақыт өте келе, мектеп бітірер шақ таяғанда бұл ойымды ата-анам да күп көріп, маған үлкен сенім артты. Осылайша мектеп бітірген соң Қызылорда облысындағы медицина колледжінде «Емдеу ісі» факультетіне оқуға түстім. Алғашқы еңбек жолымды аудандық ауруханадағы наркология бөлімінде бастап, кейін аудандық емханаға аймақтық мейіргер болып ауыстым. Нақтырақ айтсам, №2 аймақтық мейіргері болып 9 жыл қызмет еттім, – дейді ол.

Құндызай Мырзабекқызы №2 аймақта мейіргер болып қызмет еткен жылдары аудан тұрғындарымен тығыз жұмыс жасап, олардың денсаулығы үшін уақытпен санаспай жұмыс жасаған. Оның аймақ тұрғындарымен үнемі байланыс жасауының нәтижесінде асқынған туберкулез, асқынған онкология сынды ауру түрлері болмаған. Керісінше бірнеше туберкулез, онкологияның алдын алу шараларын жүргізіп, ауруды ерте сатысында анықтаған. Сондай-ақ ол өлемді жаулаған COVID-19 індетімен күресте халыққа алдыңғы легте жүріп қызмет еткен. Қауіпті індет қай-қайсымызға болса да оңай болған жоқ.

Өсіресе ақхалатты абзал жандарға. Індет жұқтырып алу қауіпі жоғары болса да, сыртқа түрімен ауырып жатқан жандармен тығыз байланыста болып, ауру өршіп, індет дендеген шақта оның айығуы үшін басын қауіпке тікті. Құндызай – пандемия кезінде көпшіліктің көңілін тауып, індеттің бетін қайтару жолында қажырлы еңбек еткен жан.

Оның тәжірибелі маман екенін бірге қызмет еткен әріптестері де жоққа шығармады. №2 аймақтың дәрігері Асылзат Нұрханқызы Құндызаймен бірге еңбек еткен жылдарын еске алып, оның біліктілігін тілге тиек етті.

– Құндызай – жауапкершілігі мол, тәжірибелі мейіргер. Ол аймақта жұмыс жасаған жылдары ДЦП-мен ауыратын бір тұрғынның өміне күндіз-түні көмектесті. Науқастың үйі емханадан алыс болса да, оның жағдайын көзбен көріп бақылау үшін қатарынан 3 ай үздіксіз қатынады. Бала өз еркімен тамақтана алмайтындықтан Құндызай баланың анасына қолғабыс етіп, оны күнделікті құнарлы тағамдармен тамақтандырып, оның жағдайының жақсаруына өзіндік үлесін қосты. Оның аудан тұрғындарының саулығы үшін атқарған еңбегі еселі. Тұрғындардың тәулігі бойы денсаулығын күзетуде қажырлы еңбек етті. Ол – үнемі ізденіс үстінде жүретін, тәжірибелі білімін жетілдіруден еш жалықпайтын маман, – дейді дәрігер А.Нұрханқызы.

Иә, тұрғындарға септігінді тигізіп, олардың алғашқы алғысын алғанда ғана еңбегінің еш кетпегенін түсінесің. Біз мақаламызға арқау еткен кейіпкеріміз жастың да, қарттың да тілін тауып, емімен де, сөзімен де дертіне дауа тапқан. Ол сырқатына шипа іздеп келген көз келген науқасқа қолдау көрсетіп, өміріне қауіп төнген сәтте араша түседі. Мәселен, ол жаз мезгілінде аудан орталығындағы базарда күннің ыстығынан жүрегі қысылып, ауа жетпей жатқан келіншекке дереу көмектесіп, жанын аман алып қалған. Кейіпкеріміздің сөзіне сүйенсек, ол науқасқа алғаш көмек көрсету арқылы оны жедел ауруханаға жеткізген. Нәтижесінде науқастың сырқаты асқынбай, отбасымен аман-есен қауышқан. Саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласымен ұштастырған кейіпкеріміз осындай ерөн еңбегінің арқасында халықтың тек ақ батасын алып келеді. Ол осындай оқиғалар жиі көздерінің қай жерде жүрсе де тұрғындарға қолынан келген көмегін аямайтын айтады.

Мейіргер Құндызай – қазіргі таңда аудандық емханадағы жалпы практика және аймақтық қызмет көрсету бөлімінің аға мейіргері. Айтуынша, бұл жерде аймақтық қызметпен қоса профилактикалық бөлім бар, яғни мұнда дәрігер денсаулығы, денсаулық мектебі, шұғыл көмек, әлеуметтік көмек көрсету бөлімі қамтылған. Құрамында

127 қызметкер бар. Ол тұрғындардың жылда уақытылы скринингтік талдау, флюорографиялық тексеруден өтуін жіті бақылауда ұстайды. Кейіпкеріміз тұрғындардың көбіне қанқисымы, қант диабеті, қаназдық сынды сырқаттармен жиі ауыратынын айтады. Сондықтан ол тұрғындарды дәрігердің қабылдауынан қашпай, дәрт дендемес үшін уақытылы екіге алуға шақырды.

Кейіпкеріміз – денсаулық сақтау саласында аянбай тер төгіп, халықтың ыстық ықыласына бөленген мейірімді мейіргер. Әрине, мамандықтың барлығы жақсы. Әрқайсысының өзіне тән қиындығы мен қызығы бар. Десе де ақхалатты абзал жан болу – қиын да қастерлі, абыройлы мамандық. Бұған кейіпкерімізбен құрған екеуара диалог барысында көз жеткіздік.

Құндызайдың ұзақ жыл бойы елге еткен еңбегі еш кетпеді. Ол бүгінге дейін бірнеше мәрте марапат төрінен көрінген. Бірақ ол жеткен жетістікке тоқмейілісіміз, керісінше дерттің алдын алуға басымдық беріп, уақытпен санасуды білмеді. Халықтың алғысынан шабыт алатын кейіпкеріміз тұрғындар саулығын бәрінен жоғары қойып, ер күнін алғыспен аяқтайды. Бұл сөзімізге жалағаштықтардың денсаулығына саналы ғұмырын арнаған кейіпкеріміздің еңбек жолы мен мамандығына деген құрметі дәлел.

## Жастар кабинетінің жұмысы жүйелі

Былтырдан бастап аудандық емханада жастар денсаулығы кабинеті өз жұмысын бастады. Аталған орталық 29 жасқа дейінгі жастар мен жасөспірімдерге медициналық-әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетеді. Жастарға тегін кеңес беріп, аурушандықтың алдын алуға жүйелі жұмыс жасап келеді. Жұмыс 4 қағида бойынша жүргізіледі. Атап айтсақ, қолжетімділік, еріктілік, мейірімділік пен сенім бір арнада ұштасқан.

Жастар денсаулығы кабинеті 14-29 жас аралығындағы жастарға арналған, яғни мұнда жастарға медициналық, емдік-профилактикалық көмек, психологиялық және құқықтық қызметтерді тегін ұсынады.

Жауапты дәрігер Ақбота Бектаеваның айтуынша, орталықтың басты мақсаты – жастардың репродуктивті денсаулығын қорғау, психологиялық сауаттылығы бойынша білімін арттыру, яғни мектеп жасындағы оқушылар арасында ерте жүктіліктің алдын алу, жоспарланбаған жүктіліктен сақтану, жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу мәселелері бойынша кеңес беріледі. Тағы бір ерекшелігі, мұнда дәрігермен кеңес жұмыстары құпия түрде жүргізіледі. Бұл жастардың кәсіби мамандарға өздерін мазалаған сұрақтар мен қиындықтарын еш бүкпесіз айтып, тегін кеңес алуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазіргі таңда орталықта тұрақты түрде қыздар денсаулығын қарайтын гинеколог, ерлер денсаулығына жауапты уролог, тері мен венерологиялық ауруларды емдейтін дерматовенеролог пен психологиялық көмек беретін психолог және құқықтық кеңес беретін заңгер жұмыс жасайды.

«Жастық шақ – албырт шақ» деп жатамыз, яғни өтпелі кезеңге жеткен әр жастың мінез-құлқы өзгеріп, ата-анасымен жиі жанжалдасып, белгісіз себептермен жақындарына қарсы шығып жатқанын жиі көріп жүрміз. Мұндай кезде жасөспірімдер өзін жалғыз сезініп, тұйықталып, үнемі ашушаң күйде жүреді. Жалпы өтпелі кезең ата-ана үшін де, бала үшін де қиын. Бірі бұл кезеңнен сүрінбей өтсе, енді бірі өз-өзіне қол жұмсап жатады. Мұндай қайғылы жағдай орын алмас үшін орталықта жастарды психологиялық қолдау жұмысы да қарастырылған, яғни мұнда мамандар жастармен суицидтің алдын



алу бағытында жұмыс жасап, оның ішінде жеке және топтық жұмыстар жасалып, пайдалы кеңес беріледі.

Сонымен қатар мұнда жастар арасында салауатты өмір салтын сақтау да насихатталады. Жастардың дұрыс тамақтануы, шылым, алкоголь, есірткі сынды зиянды заттардан бас тартуы үшін түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Мұнан бөлек орталық құқықтық кеңес беру жұмысын да назардан тыс қалдырмаған. Мұнда жастар мен жасөспірімдер құқықтары мен міндеттеріне қатысты сұрақтар бойынша заңгерден көмек алады.

– Мұндағы мамандар өз ісіне жауапкершілікпен қарап, жастармен тығыз қарым-қатынас орнатады. Өсіресе психологиялық көмек пен құқықтық кеңес беру жұмыстары жоғары деңгейде өтеді. Мұнда көбіне мектеп жасындағы оқушылар келіп, өздерін мазалаған сұрақтар бойынша білікті мамандармен кездеседі. Нәтиже де жоқ

емес. Сондай-ақ кабинет керекті құрал-жабдықпен толық қамтылған. Жастар тек денсаулығына қатысты сұрақтарға жауап алып қана қоймай, мұнда жаңа орта құрады. Кез келген жас мұнда бос уақытында келіп шахмат, дойбы сынды ойын ойнап, бос уақытын тиімді өткізе алады. Орталыққа келіп, жаңа дос тауып, денсаулығына бейжай қарамайтын жастар жағы күн сайын артуда, – дейді Ақбота Бектаева.

Орталыққа жауапты дәрігердің айтуынша, мұнда қазір «Салауатты мектеп» жобасы бойынша 6 мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттері, яғни 350 оқушы қамтылған. Олар мұндағы мамандармен аптасына бір рет семинар сабақ өтеді. Орталыққа жауапты маман алдағы уақытта кентке қарасты барлық ауылдың мектеп оқушыларын қамту жоспарда барын жеткізді.

Сала мамандарының назарынан ақпараттық-насихат жұмыстары да тыс

қалмаған. Жастар денсаулығы орталығы тек орталық қабырғасымен шектелмей, жастардың арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттап, семинар-тренинг, дөңгелек үстелдер өткізеді. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде белсенді ақпараттық жұмыстар жүргізіп келеді.

Аталған орталықтың жастар үшін пайдасы мол. Олардың уақытылы медициналық тексерістен өтіп, қажетті ем-шарасын алуға, ата-аналарына айта алмаған кей мәселелерді білікті мамандардың көмегімен шешуге үлкен үлес қосып отыр. Орталық тек осындай қызметтермен шектелмей, жастардың саулығы үшін алдағы уақытта басқа да білікті мамандармен бірлесіп жұмыс жасамак. Бұл жастарға тек медициналық көмек көрсететін меккеме ғана емес, оларға сенім мен қолдау білдіретін мекен іспетті.

Сезім НҰР

**Меншік иесі:**  
**СЫР МЕДИЯ**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
**Жалағаш аудандық**  
**“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы**  
**Бас редактор**  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Телефондар:**  
**Бас директор - 8(7242) 70-00-56**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
**Бас редактордың орынбасары,**  
**жауапты хатшы,**  
**бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
**Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.**  
**Қолжазбалар** оңделеді және кері қайтарылмайды.  
**Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.**  
**Жарнама мазмұнына** жарнама беруші жауапты.

**Денсаулық**

Облыстық көпбейінді ауруханасында заманауи ситуациялық орталық ашылып, жасанды интеллект негізінде радиологиялық-ақпараттық жүйе жобасы іске қосылды. Бұл бастама өңірдегі денсаулық сақтау саласын цифрландыруға бағытталған маңызды қадам болып саналады.

### Күрделі ауруларды ерте анықтау: ЖИ платформасы енгізілді



Жоба аясында ТМД елдерінде теңдесі жоқ жүйе құрылып, 27 медициналық нысан бірінші ақпараттық платформаға біріктірілді. Соның нәтижесінде радиологиялық зерттеулер орталықтандырылып, диагностика нысаны сапасы мен жеделдігі айтарлықтай артты.

Әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтау және олардың алдын алу, қатерлі ісікпен күресте күшейту, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және радиологиялық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында ашылған жоба DigitalEL тізіміне енгізіліп, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тарапынан ұсынылған. Бұл оны Қазақстандағы медицина саласын цифрландырудағы үздік жобаның бірі ретінде айқындайды.

Аталған жобаға ПАКС (PACS) жүйесі енгізіліп, x-Ray Mammo, Toraks, Ribout Pneumonia секілді жасанды интеллект шешімдері қолданылуда. Бұл технологиялар медициналық кескіндерді жоғары дәлдікпен талдауға мүмкіндік береді.

Жобаға облыстық онкология орталығы мен облыстық фтизиопульмонология орталығы қамтылған. Медициналық мекемелер заманауи құрал-жабдықтармен толықтырылды. Тарқатып айтсақ, 57 жұмыс станциясы мен дербес компьютер, әр дәрігерге арналған UPS және принтерлер, 28 жоғары ажыратымдылықтағы медициналық монитор, сондай-ақ Аға 15X цифрландырылғанымен жабдықталған 7 рентген аппараты іске қосылды. Бұдан бөлек цифрландырылған құрылғыларға 13 лицензия орнатылды.

**Әлеуметтік желілерде азаматтарға емханаларға барғаннан кейін түсетін күмәнді қоңыраулар туралы ақпараттың таралуына байланысты Денсаулық сақтау министрлігі белгісіз тұлғаларға SMS-кодтарды және жеке деректерді бермеуге, сондай-ақ күмәнді сілтемелерге өтпеуге шақырады.** Осындай жағдайлар өңірлерде тіркелуде, әдетте медициналық ұйымдардың қызметіне байланысты емес. Алаяқтар азаматтардың, соның ішінде егде жастағы адамдардың сенімін пайдаланып, өздерін емхана немесе басқа мекемелер қызметкерлері ретінде таныстырады.

## ДСМ ескертеді: алаяқтық қоңыраулар жиілеген

**Абайлаңыз, алаяқтар!**

**Емханалар SMS-код СУРАМАЙДЫ!**

- ✓ Медициналық ұйымдардың қызметкерлері тек сіздің ТАӘ мен қабылдау жазбасын нақтылайды.
- ✓ Медициналық қызметкердің келуі үшін ешқандай растау коды талап етілмейді.
- ✓ Кодтарды ешқандай үшінші тұлғаларға хабарламаңыз.

Егер медициналық ұйым атынан код атауды сұраса – бұл алаяқтар.

*Жеке деректеріңізді қорғаның. Кодтарды үшінші тұлғаларға хабарламаңыз.*

Денсаулық сақтау министрлігі азаматтарды бірқатар сақтық шарасын сақтауға шақырады. Мәселен, SMS-кодтарды және жеке деректерді үшінші тұлғаларға бермеу керек. Телефон арқылы алынған ақпараттың шындығын тексеру қажет. Күмәнді қоңыраулар болған жағдайда өз медициналық ұйымына немесе құқық қорғау органдарына жүгіну керек.

Азаматтарға өздерінің тіркелу мәртебесін eGov.kz/eGov Mobile порталы немесе Damulmed қосымшасы арқылы дербес тексеру ұсынылады. Медициналық ұйымдарға қабылдауға жазылу eGov.kz / eGov Mobile порталы, медициналық ақпараттық жүйелердің мобильді қосымшалары арқылы, сондай-ақ тіркеу бөліміне телефон арқылы жүгіну арқылы жүзеге асырылатынын айта кеткен жөн.

SMS-кодтар пациенттерге тек цифрлық сервистерде авторизациядан өту шеңберінде ғана жіберіледі. Медициналық ұйым қызметкерлері телефон арқылы SMS-кодтарды сұрамайды.

Қазіргі уақытта пациенттердің қабылдауға барғанын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін жүйелердің бұзылуы немесе рұқсатсыз қол жеткізу фактілері тіркелмеген. Азаматтардың жеке деректерінің ықтимал таралуы бойынша ресми өтініштер түскен жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен тексерулер жүргізіледі.

Сипатталған жағдайлар азаматтарды жаңылыстыру арқылы олардың жеке деректері мен қаржылық сервистеріне қол жеткізуге бағытталған кең таралған алаяқтық схемалардың белгілеріне сәйкес келеді. Денсаулық сақтау министрлігі цифрлық сервистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтардың жеке деректерін қорғау бойынша жұмысты жалғастыруда.

Е.СОЗАҚБАЕВ